

## Көше атауын өзгерту туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданы әкімдігі Тегісшіл ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 24 қарашадағы N 10 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 13 желтоқсанда N 14-11-156 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына және Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына сәйкес, Көктөбе ауылының "Горная" көшесінің тұрғындарының пікірін ескере отырып

### **Ш Е Ш І М**

### **Е Т Е М І Н :**

1. Тегісшіл ауылдық округі Көктөбе ауылының "Горная" көшесі "Бердібеков Қалмұрат" атауына өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

*Ауылдық округ әкімі*

*Б.Джусупов*